

Элективті пәндер каталогы (Пәннің қысқаша мазмұны)

(Қабылдау жылы: 2025 жыл)

ББ шифры және атауы: 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті

№	Пән атауы	Оқытудың мақсаты	Қысқаша сипаттама	Пререквизиттер/ Постреквизиттер	Дублин дескрипторлары
1-курс					
1	Ғылым тарихы мен философиясы	«Ғылым тарихы және философиясы» атты пәнді оқытудағы мақсат ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми зерттеулердің түрлері мен негізгі әдістерін үйрету, дүниетанымдық көзқарасты кеңейту, ғылымның қоғам дамуындағы алатын орнын түсіндіру болып табылады. Соның ішінде қазіргі ғылымның әдіс-тәсілдерін білу ғылыми шығармашылықты үйренуде қажет міндеттің бірі болып есептеледі. Осыған орай магистрант өзінің кәсіби қызметін жетілдіруде оқып үйренетін дүниетанымдық, философиялық, танымдық, логикалық және әдістемелік білімдерді иеленумен қатар ғылыми зерттеу дағдыларын да меңгеруі тиіс.	Пән ғылыми ойлаудың тарихы мен философиясы, ғылымның философиялық негіздері, эмпирикалық және ғылыми танымның генезисі, мәні, болашағы туралы білімді қалыптастырады, білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне қажетті әдістемелік аппаратты дамытады. Проблемалық оқыту, тақырыптық талқылау, жоба әдісі сияқты оқытудың белсенді әдістері қазіргі заманғы ғылым жетістіктерін сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын меңгеруге, өзіндік этикалық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған.	Пререквизиттері: «Ғылым тарихы және философиясы» курсы оқып үйрену үшін магистрант философия тарихы және теориясы, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары және мамандандырылған пәндерден білімі болуы тиіс. Постреквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясын оқып үйрену барысында алынған білім болашақ маманның ғылыми білім әдістемесінің қалыптасуына ықпал етеді, сондай-ақ ғылыми зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытады.	А) Магистрант ғылымның тарихы, философиясы мен ғылыми таным құрылымы жайлы терең білімге ие болады. В) Білімді қолдану: Ол алған теориялық білімін кәсіби және ғылыми-зерттеу салаларында тиімді қолдана алады. С) Пікір қалыптастыру: Магистрант ғылыми мәселелерге сыни көзқараспен қарап, негізделген шешім қабылдай алады. D) Коммуникация дағдылары: Ол ғылыми идеялар мен зерттеу нәтижелерін мамандар мен маман еместерге анық жеткізе алады. E) Оқуға қабілеттілік: Магистрант өз білімін үздіксіз жетілдіріп, жаңа ғылыми бағыттарды меңгеруге дайын болады.
2	Шет тілі (кәсіби)	Кәсіби салаға халықаралық деңгейде интеграциялануға қажетті шет тілдік дағдыларды қалыптастыру, ағылшын тілін мәдениетаралық және кәсіби коммуникация құралы ретінде қолдану, шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін аудару және аударматану мен мәдениетаралық	Халықаралық деңгейде кәсіби салаға кірігу үшін шет тілін меңгеру дағдыларын қалыптастыру, ағылшын тілін мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану, сонымен қатар шетел ғалымдарының ғылыми еңбектерін аудару үшін,	Пререквизиттер: Академиялық оқу, тыңдау және жазу; Арнайы және академиялық мақсаттарға арналған шетел тілі (C1–C2 деңгейі) Постреквизиттер: Мәтіндік құзыреттілікті	А) Магистрант кәсіби және академиялық салада шет тіліндегі лексиканы меңгеріп, ғылыми қарым-қатынас жасауға қабілетті. В) Білімді қолдану: Ол шетел тілінде ғылыми мәтіндер (аннотация, реферат, рецензия, диссертация фрагменттері) жазуда

		коммуникация саласындағы шетел тәжірибесін меңгеру, сондай-ақ кәсіби қызметте қолданылатын ақпаратты жазбаша және ауызша түрде аудару дағдыларын жетілдіру.	аударматану және мәдениетаралық коммуникация саласындағы шетелдік тәжірибені дамыту, кәсіби қызметте қолданылатын ақпаратты ауызша және жазбаша түрде аудару дағдыларын жетілдіру.	қалыптастыру тәжірибесі; "Кәсіби бағыттағы шетел тілі" пәнін оқу барысында алынған білімдер ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді	академиялық жазу әдістерін қолдана алады. С) Пікір қалыптастыру: Магистрант шетел тілінде ғылыми пікірталастарға қатысып, мазмұнды және дәлелді ой білдіре алады. D) Коммуникация дағдылары: Ол халықаралық конференциялар мен кәсіби кездесулерде шет тілінде өз ойын еркін жеткізе алады. E) Оқуға қабілеттілік: Магистрант өз бетінше шет тіліндегі академиялық және кәсіби құжаттарды (түйіндеме, мотивациялық хат, өтінім) дайындау дағдыларын жетілдіреді.
3	Жоғары мектеп педагогикасы	Магистранттарға негізгі кәсіби-педагогикалық мәдениетті меңгерту және жоғары мектеп педагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерімен қаруландырып, қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиелеуді жоспарлау, ұйымдастыру технологияларымен, ЖОО білім беру үдерісінде оқытушы мен білім алушының өзара әрекетінің қарым-қатынасы технологиясымен таныстыру.	Бұл пәнді оқудың мақсаты жоғары кәсіби білім берудің теориялық және практикалық мәселелері болып табылады. Жоғары оқу орындарының педагогикасы білім беру заңдылықтары мен принциптері, жоғары кәсіби білім беру құралдары мен әдістері туралы білімнің дамуын зерттейді. Пәнді меңгеру нәтижесінде магистранттар Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің дамуын, оның негізгі міндеттерін біледі. Сонымен қатар педагогикалық процесті басқарудың ғылыми аспектілері және заманауи педагогикалық технологияларды қолдану туралы білімдері қалыптасады.	Прекреквизиттер: «Жоғары мектеп педагогикасы» курсы терең меңгеруі үшін бакалавр деңгейінде философия, жалпы педагогика және жалпы психология пәндері саласынан бұрын игерген кәсіби білім, іскерлік және дағдыларды негізге алады. Постреквизиттер: «Жоғары мектеп педагогикасы» курсы бойынша алған білім, біліктерін магистранттар 2-4 оқу семестрлерінде жүргізілетін оқу курстары «Болашақ мамандарды кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындаудың әдіснамасымен әдістемесі», «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері», «ЖОО имиджі» сынды т.т. және кәсіптік «Педагогикалық	A) Жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясы саласында өзін-өзі жетілдіруге және заманауи кәсіпқойлыққа бағытталған білім беру саласында іргелі білім мен дағдыларды пайдаланады; B) Жоғары мектеп педагогикасы саласында өзін-өзі жетілдіруге және заманауи кәсіби жоғары деңгейге бейімдеп, табысқа жетуге бағыттай алуы; C) ЖОО-ғы тұтас педагогикалық процесс, оның құрылымы жөнінде кәсіби білімдер мен түсініктер жүйесін, оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін, құралдарын, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын білуі; D) Жеке және кәсіби іс-әрекеттердегі шеберлігі мен техникасы жоғары, медиабілім беру технологияларын пайдалануға қабілетті, тұлғаның әлеуметтену үдерісін және эмоционалдық интелектіні басқару қабілетін меңгерген;

				практика» бағытындағы орындалатын педагогикалық тәжірибе жұмыстарының барысында сапалы зерттеушілік-шығармашылық іскерлік, дағдыларды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.	Е) Адами капиталды дамытудағы ұлттық құндылықтарды жан-жақты, терең меңгерген, педагогика мен психологиядағы классикалық инновациялық тұғырлар сабақтастығын ұстана алатын құзыретті маман тұлғасының қалыптасуы; Білім мен тәрбие беруді басқарудағы инновациялық (АКТ) технологияларды қолдану дағдысы қалыптасқан, коммуникативтік мәдениеті жоғары маман даярлығын қамтамасыз ету.
4	Басқару психологиясы	Болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру процесінде «Басқару психологиясы» пәнін оқыту және психологиялық теориялық білімдердің негіздерімен қаруландыру. Қазіргі өмірде білім алушылардың психологиялық білімдерін анықтау, таңдалған мамандық аясында кәсіби қалыптасу процесінің мәні мен рөлін қарастыру, ұйымдарды басқарудағы теориялық-әдіснамалық мәселелерді талдау.	Басқарушылық іс-әрекеттің заңдылықтарын, принциптерін, әдістерін зерттеу: басқарушылық іс-әрекеттің ерекшеліктері мен психологиялық жағдайларын талдау, осы процесте адамдар арасында пайда болатын басқару процесі мен қатынастарды ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтарын зерттеу. Курс психологиялық білім мен теорияларға негізделген басқарушылық қызмет мәселелерін анықтау және шешу дағдыларын қалыптастырады.	Пререквизиттері: предметы уровня бакалавриата Постреквизиттері: Проектирование и разработка индивидуальных программ развития детей с ООП (на английском языке), Нормативно-правовое обеспечение специального образования (на казахском языке).	А) Арнайы білім беру саласындағы жасанды интеллекттің негізгі идеяларын, мәселелерін, шешімдерін, ақпараттарын және мүмкіндіктерін кәсіби құзыреттілік деңгейінде біледі және түсінеді; В) Арнайы білім беру саласындағы жасанды интеллекттің негізгі идеяларын, мәселелерін, шешімдерін, ақпараттарын және мүмкіндіктерін кәсіби құзыреттілік деңгейінде қолданады; С) Арнайы білім беру саласындағы жасанды интеллекттің негізгі идеяларын, мәселелерін, шешімдерін, ақпараттарын және мүмкіндіктерін кәсіби құзыреттілік деңгейінде талдайды; Д) Жоғары білім беру жүйесіндегі заманауи оқыту технологияларын және арнайы білім беру саласындағы инновациялық жетістіктерді топтастырады; Е) Жоғары білім беру жүйесіндегі заманауи оқыту технологияларын және арнайы білім беру саласындағы инновациялық жетістіктерді бағалайды.

5	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Ғылыми-зерттеу жұмысының (ҒЗЖ) мақсаты теориялық оқыту процесінде алынған білім мен дағдыларды кеңейтіп, өзекті ғылыми мәселелерді зерттеу барысында практикалық дағдыларды қалыптастыру.	Пән зерттеу әдіснамасын, инновациялық экономиканы, ҒЗТҚЖ-ны, зерттеу әдістемесін, ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі компоненттерін, авторлық құқықты, патент пен авторлық куәлікті, жобаның ҒЗЖ-дан айырмашылығын, жобаның өмірлік циклін, жоба құнын бағалауды, оңтайлы идеяларды іріктеу критерийлерін зерделейді. Зерттеу жоспарының инновациялылығы. Жасанды интеллектіні курс бағдарламасына енгізу білім алушылардың жасанды интеллектіні зерттеу барысында қосымша ресурс ретінде тиімді пайдалануларына қажетті дағдылар мен білім-біліктерді дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеудің сапасы мен іске асырылуы ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру нәтижелерінің салдарын болжау саласы.	<p>ПререквизиттеріТіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі</p> <p>Постреквизиттері Тіл біліміндегі неологизация мәселесі, магистрлік диссертация қорғау</p>	<p>А) оқу-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың кешенді тәсілдерін, құрылымға қойылатын талаптардың бірлігімен сабақтастығын қамтамасыз етіп, зерттеу жұмысының мазмұнымен нәтижелерін ресімдей білу туралы түсінікке ие болады;</p> <p>В) кәсіби ғылыми-зерттеу ойлауы қалыптасып, лингвистикалық зерттеулердің заманауи әдістерін меңгеріп, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ақпаратты іріктеп, талдай алады; Ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын және терең кәсіби білімді қажет ететін міндеттерді дербес тұжырымдап, шеше біледі.</p> <p>С) ғылыми, оқу, публицистикалық әдебиеттер мен статистикалы қдеректерді жалпылаумен жүйелеуге үйренеді, алған білімдерін кәсіби қызметінде нақты теориялық және практикалық мәселелерді талдауда өз бетінше қолданып, пайдалана алады;</p> <p>Д) ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүргізу, материалды сауатты және сенімді түрде ұсыну, тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарды нақты және логикалық тұжырымдау біліктілігі қалыптасады;</p> <p>Е) негізгі кәсіби міндеттер, оларды шешу жолдары туралы нақты түсінік қалыптасып, тілді, тілдік бірліктердің жүйесі мен құрылымын зерттеудің негізгі әдіс- тәсілдерін, тақырыпқа сәйкес ақпаратты жинау, алынған эксперименттік және эмпирикалық</p>
---	--	---	--	---	--

					деректерді өңдеумен түсіндірудің заманауи технологияларын қолдану дағдыларына ие болады.
6	Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытудың әдіснамалық негіздері	Курстың мақсаты – мемлекеттік стандарттар мен оқу жоспарында қарастырылған болашақ магистрлерді педагогикалық тәжірибе және жоғары оқу орындарындағы алдағы педагогикалық қызметке дайындау. Курстың қажеттілігі пән бойынша білімнің оны табысты оқыту үшін жеткіліксіздігімен анықталады. Сабақтарды өткізудің әдістемелік аспектілерін, ЖОО-да оқу процесін ұйымдастырудың қолданыстағы әдістерін, тәсілдерін, формаларын меңгеру маңызды.	Магистранттарға әдебиетті, тілді оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.	Пререквизиттері: Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі Постреквизиттері: Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі. Докторантурада оқылатын пәндер	А) Магистрант теориялық және қолданбалы тіл білімі бойынша базалық білімді терең меңгеріп, оны кәсіби және зерттеушілік бағытта қолдана алады. В) Ол қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен жалпы, техникалық және жоғары білім беру ұйымдарында сабақ беру үшін әдістемелік білігі мен шеберлігін тиімді пайдаланады. С) Магистрант білім берудегі инновациялық тәжірибелерді зерттеп, оларды қорытып, таратуға қабілетті. Д) Ол ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты мәліметтерді іздеу, өңдеу және ұсыну үдерістерін кәсіби деңгейде ұйымдастыра алады. Е) Магистрант әлемдік экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге бейімделіп, қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы жаңалықтарды үздіксіз қадағалап, кәсіби дамуын жалғастырады.
7	Тіл біліміндегі мәдени аспекті	Тілдің концептуальды сипаты, белгілі бір ұғым, құбылыс, келешек ұарастырылатын көзқарас, пікір, зерттелуі мен жаңа бағыттары туралы түсінік, тіл және мәдени тілдік бірліктерге анализ, прагматикасын танып, зерттеушілік, кәсіби бағытта қолдануға кешенді түрде білім-білігін, дағдыларын қалыптастыру.	Қазіргі тіл біліміндегі лингвомәдениеттану саласының пәндік критерийлері мен қағидаларын, тарихи даму үрдісін, зерттелу бағыттарын, теориялық және қолданбалы негіздемесін, ғылыми аппаратымен қоғамдық ғылымдар арасында ерекше орнын ажырату. Қарастыратын мәселелері: қазіргі тіл біліміндегі лингвомәдени аспектілерін айқындау; тілдің сөздік қоры, тілдік құбылыстары теориялық тұрғыдан саралау; қазіргі тіл	Пререквизиттері: Жалпы тіл білімі. Постреквизиттері: Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі. Тіл біліміндегі неологизация мәселесі	А) Магистрант теориялық және қолданбалы тіл білімі саласындағы базалық білімді терең меңгеріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізін түсінеді. В) Ол қазақ тілі мен әдебиеті бойынша әртүрлі ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемелерінде зерттеулер жүргізіп, жұмыс алгоритмін меңгеріп қолдана алады. С) Магистрант таныс емес немесе күрделі жағдайларда қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы білімін кіріктіріп, зерттеу міндеттерін шешуге қабілетті.

			біліміндегі лингвомәдениеттану ғылымының теориялық-әдістемелік базасына талдау жасау, зерттеу шеңберін кеңейту, дамыту.		Д)Ол ғылыми зерттеу нәтижелерін кәсіби қауымдастыққа дәлелді және түсінікті түрде ұсына алады. Е)Магистрант зерттеушілік және кәсіби қызметін жетілдіру үшін өз білімін үздіксіз дамытып отырады.
8	Дәстүрлі және когнитивтік лингвистикадағы терминдер	Қазақ терминтанымын тілдік тұрғыдан ғана емес, когнитивтік-коммуникативтік, прагматикалық, концептуалдық, ақпараттық қырынан қарастырудың негіздерін айқындау.	Қазақ терминтанымын тілдік тұрғыдан ғана емес, когнитивтік-коммуникативтік, прагматикалық, концептуалдық, ақпараттық қырынан қарастырудың негіздерін айқындау. Қарастыратын мәселелері: терминдерді саралау, олардың айырмашылықтарын айқындау; термин туралы, оған қойылатын талаптар, терминнің табиғаты, қолданбалы терминология заңдылықтары туралы ғылыми мәліметтерді саралау; қолданбалы терминтанымның пәні, зерттеу нысанын анықтау; қолданбалы терминологиялық әрекет бағыттарын ажырату.	Пререквизиттері: Бакалавр деңгейінде оқыған тіл білімі бағытындағы пәндер Постреквизиттері: Докторантурада оқылатын пәндер	А) Таным теориясының негізгі қағидаларын білу және дәлелдеу. В) Таным теориясынан алған білімдерін қоғамтану мен кәсіби саласында қолдану дағдысы. С) Ой, сана, тіл тұтастығы арқылы тілдік қатынастарды меңгерді. Д) Концепт түсінігін ұғынып, концептуалды талдау жасау әдістемесін меңгерді. Е) Тіл теориясындағы қарама-қайшы көзқарастарды біліп өз тұжырымын дәлелдейді.
9	Тіл біліміндегі неологизация мәселесі	Магистранттарға тіл біліміндегі неологизация мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері материалдарын жинаудың, талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгерту, филология саласындағы қазіргі ғылыми парадигманың және оның динамикасы, зерттеулердің әдіснамалық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін игерту.	Сөз мағынасына әсер ететін құбылыстарды қоғамдағы болып жатқан факторлармен, тілдің даму барысындағы жаңалықтармен байланыстыра отырып, саралап талдау. Қарастыратын мәселелері: тіл аспектісіндегі факторлар: экстралингвистикалық, интралингвистикалық, сөз мағынасының ұсақ бөлшектері мен лексикалық мағынаның құрамдас бөліктері, лексика-семантикалық жүйе, аталған проблемалардың сөз мағынасының қайта жаңғыруына әсері, сөз мағыналарының жаңғыру жолдары, номиналдану жолдарын анықтау.	Пререквизиттері: Дәстүрлі және когнитивтік лингвистикадағы терминдер, Тіл біліміндегі мәдени аспекті Постреквизиттері: Дискурстың зерттеу технологиялары, Ұлттық корпустар құрастыру әдістемесі мен тәжірибесі	А) Магистрант тіл біліміндегі неологизация құбылысының теориялық-әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, оның заңдылықтарын түсінеді. В) Ол неологизация құбылысын аударма және терминология мәселелерімен байланыстыра отырып, практикалық және ғылыми талдау жасай алады. С) Магистрант түрлі жанрдағы мәтіндерді саралап, эссе, аналитикалық баяндама, мәнжазба жазу арқылы пән мазмұнына қатысты ой қорыта алады. Д) Ол пән бойынша алған білімін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы талдап,

					кәсіби деңгейде ұсына алады. Е)Магистрант теориялық білім мен практикалық дағдыны кіріктіре отырып, неологизация мәселесіне қатысты тапсырмаларды өз бетінше орындай және жетілдіре алады.
10	Лингвистикалық имиджеология	«Лингвистикалықимиджология»пәніндебілімалушыларды имидж туралы түсінікпен, имидж қалыптастырудың негізгі механизмдері мен әдістерінің теориялық негіздерімен таныстыру мақсат етіледі. Білім алушылар арасында болашақ кәсіби қызметі барысында объектінің қажетті имиджін (адамның, ұйым, аймақ және т.б.) жасау бойынша дағды мен біліктерін қалыптастыруға назар аударылады.	Қолданбалы тіл білімі мәселелерін шешу, сөйлеу имиджін ескере отырып, мәтін құру, түзету қабілетін қалыптастыру. Мазмұны келесідей тақырыптарды қамтиды: дауыстық портреттер құру, сөйлеу имиджін құру үшін технологиялық бағдарламаларды диагностикалауды жүзеге асыру. Пәнді меңгеру барысында тіл мен сөйлеу арқылы образ қалыптастыру процесінің теориялық және әдіснамалық, инструменталды негіздерін құрай алады.	Пререквизиттері: Жалпы тіл білімі Постреквизиттері: Тіл біліміндегі неологизация мәселесі, магистрлік диссертация қорғау	А)Магистрант тіл білімі мен психологиядағы ғылыми теорияларды, олардың тарихи дамуы мен қазіргі жай-күйін терең түсінеді және салыстыра алады. В)Ол ғылыми-зерттеу әдістері мен әдістемесін ғылыми материалдарды талдауға тиімді қолдана алады. С)Магистрант ғылыми әдебиеттерді сыни тұрғыда талдап, дербес қорытынды жасай алады. Д)Ол ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарды сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін сауатты және жүйелі түрде ұсына алады. Е)Магистрант жалпы және арнайы ғылыми зерттеу әдістерін меңгеріп, оларды кәсіби зерттеушілік қызметінде үздіксіз қолдануға бейімделеді.
11	Тілдің гендерлік жіктелімі	Магистранттарды тіл білімінің гендерлік бағытының басты- басты теориялық қағидаларымен, тұжырымдарымен таныстырып, гендерлік лингвистиканың тіл ғылымында алатын орны, зерттелуі, қалыптасуы, дамуы жөнінде мағлұмат беру.	«Тілдің гендерлік жіктелімі» пәні әйел тілі мен ер тілінің айырмашылығын белгілеп, олардың түрлі тілдік және әлеуметтік ортадағы сөз саптау ерекшелігін қарастырады, гендерлік лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы, теориясы мен әдіснамасы түсіндіріледі. Магистранттарды гендерлік лингвистика ғылымының негізгі ұғымдарын жүйелеп, гендерлік	Пререквизиттері: Жалпы тіл білімі Постреквизиттері: Докторанту радаоқылатын пәндер	А)Магистрант гендерлік лингвистиканың тіл біліміндегі орнын, негізгі теориялық ережелері мен бағыттарын терең меңгереді. В)Ол гендерлік лингвистика бойынша алған білімін кәсіби және зерттеу тәжірибесінде тиімді қолдана алады. С)Магистрант гендерлік-лингвистикалық ерекшеліктерге ғылыми сипаттама беріп, сала

			қатынастарды салыстырмалы әлеуметтік-тарихи талдауға, тілдің гендерлік мәселелерін зерделеуге бағыттайды.		ғалымдарының еңбектеріне шолу және сыни талдау жасай алады. Д)Ол ғылыми және теориялық ақпараттарды сауатты пайдаланып, кәсіби ортада өз ойын нақты және дәлелді жеткізе алады. Е)Магистрант өз бетінше білім алып, сөздіктермен, оқулықтармен, монографиялармен жұмыс істей отырып, ғылыми-зерттеу жүргізуге бейімделеді.
12	Мифопоэтика	Қазақ фольклоры қанша уақыт кезеңінен өтсе де, заман өзгерген сайын жаңарып, ғылымның жаңа арнасы мен бағытына сәйкес дамып, арнасы жаңарып отырады. Ғылымда жаңадан қалыптасқан әдіс-тәсілдер арқылы фольклордың жаңа саласы ретінде қалыптасып келе жатқан мифтік фольклор арқылы халықтық танымның, ұлттық болмыстың, қазақы дәстүрдің, дін, тіл аясындағы мифтік сананың қалыптасу, дамукезеңдері туралыфольклор мәтіндері арқылыберіледі. Бұл пән халықтың ең ескі, балаң кезіндегі түсініктің ұлттық менталитеттің, дәстүр мен салттың, ырым мен тыйымның, жоралғының аясында көрініс табу дәстүрі жөніндегі білім мен танымды кеңейеді.	Әдебиеттегі мифопоэтикалық ойлау дәстүрінің генетикалық тұрғыдан сабақтастығын зерделеу. Қарастыратын мәселелері: Ғылымда жаңадан қалыптасқан әдіс-тәсілдер арқылы фольклордың жаңа саласы ретінде қалыптасып келе жатқан мифтік фольклор арқылы халықтық танымның, ұлттық болмыстың, қазақы дәстүрдің, дін, тіл аясындағы мифтік сананың қалыптасу, даму кезеңдері туралы фольклор мәтіндерінің эпикалық шығармаларда, әңгіме, повестерде, хикаяттарда аңыздың жаңаша қолданысын салыстырып, бағалау	Пререквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиет теориясы. Постреквизиттері: Докторантурада оқылатын пәндер	А.Жалпыбілімберетін,техникалық жәнекәсіптікбілім беретін оқу орындарында, жоғары оқу орындарында, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беру және білім беруде әдістемелік білігі мен шеберлігін жүзеге асырады. Б. Қазақ тілі мен әдебиетінен білім беруде инновациялық тәжірибелерді зерттейді, қорытады, таратады. С. ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты ақпараттарды іздеу үдерісін ұйымдастыруға қатысады және оларды өңдейді. Д. жаңа таныс емес жағдайларда алынған білімдерді қазақ тілі мен әдебиеті пәндері шеңберінде кіріктіріп зерттеу міндеттерін шешеді. Е.тілдік мәселелерді психологиялық диагностика әдістерімен шеше білуді игереді.
13	Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді	Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісінің пәндік критерийлері мен	Тіл біліміндегі жаңа атауларды зерттейтін сала – неология туралы ғылыми теориялық-	Пререквизиттері: Тіл біліміндегі неологизация мәселесі	А)әртүрліғылыми жәнеғылыми-зерттеукемелерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша

	зерттеудің аспектісі	қағидаларын, тарихи даму үрдісін, зерттелу бағыттарын, теориялық және қолданбалы негіздемесін, ғылыми аппаратымен қоғамдық ғылымдар арасында ерекше орнынажырату	әдіснамалық және оның зерттеу аспектілері жөніндегі ілімді дамыту. Қарастыратын мәселелері: неология саласы бойынша материалдарды ақпараттық-технологиялық тұрғыда талдау, қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі пәнінен теориялық білімді саралау, практикалық тұрғыда лингвистикалық сараптау жасау, жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау.	Постреквизиттері: Докторантурада оқытылатын пәндер	ғылыми-зерттеулер жасайды, В) зерттейді жұмысының алгоритмін меңгереді; С) теориялық және қолданбалы тіл білімі аясындағы базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана біледі; Д) тілдің қызмет ету мәселелерін, оның түрлі әлеуметтік топтар мен түрлі мәдениеттерде қолданылу ерекшеліктерін, коммуникативтік тәртібін біледі; Е) жаңа алынған білімдерді қазақ тілі мен әдебиеті пәндері шеңберінде кіріктіріп зерттеу міндеттерін шешеді.
14	Кеңістік пен уақыт аралығындағы түркі лингвофилософиясы	Түркі лингвофилософиясының кеңістік пен уақыт арасындағы байланысын зерттеу. Магистранттарға тіл философиясының негізгі тұжырымдарын таныстыра отырып, түркі тілдерінің кеңістік және уақытқа қатысты түсініктерін ашу. Лингвистикалық және философиялық әдіснаманы үйлестіре отырып, студенттердің ғылыми талдау дағдыларын дамыту.	Тіл білімінің негізгі мәселелеріне философиялық тұрғыдан пайымдаулар жасап, негізгі тарихи сатыларын талдайды. Тіл білімі мен философияны байланыстырушы негізгі ерекшеліктерді сараптап, өзінің кәсіби қызметінде қолдана алады. Түркілік және әлемдік тілдерді философиялық тұрғыдан ұғынудың негізгі сатыларын игеріп, оқу материалдарының құрамдас бөліктерін жіктейді. Тіл философиясы мен онтологиясы арасындағы тарихи сабақтастыққа қатысты ақпараттарды жинақтап, оның маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалайды.	Пререквизиттері Тіл біліміндегі мәдени аспекті Постреквизиттері Тіл білімінің философиялық-әдіснамалық мәселелері.	А) Терең теориялық білімін практикамен ұштастырады, әртүрлі ғылыми теорияларды, оның ішінде салалық ғылыми теорияларды салыстыра алады, тарихи даму контекстіндегі қазіргі жай-күйін талдай алады.; В) Әдебиеттану, әдебиет тарихы, әдебиет сыны және лингвистика саласында кәсіби құзыреттіліктерін дамытады; С) Ғылыми-зерттеу әдістері мен әдістемесін ғылыми материалдарды талдауда қолданады; Д) Зерттелетін саладағы мәселелерді анықтауға, жүйелі ойлау негізінде әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып, стратегияларды, тәсілдерді және оларды шешу жолдарын анықтауға қабілетті; Е) Кәсіби белсенділікті, конструктивті-әдістемелік қызметті дамытады;

1	Дискурстың зерттеу технологиялары	Дұрыс таңдалған және қолданылған концептуалдық-әдіснамалық аппарат негізінде қоғамдағы қызметтік мәтіндерді талдау үшін лингвистикалық білімдерді синтездеу және трансформациялау қабілетін қалыптастыра отырып, дискурсивтік лингвистиканың қалыптасу кезеңдері мен дискурсия типологиясын зерттеу себептерін терең түсіндіру.	Дұрыс таңдалған және дұрыс қолданылған концептуалдық, әдіснамалық аппарат негізінде қоғамда қызмет атқарушы мәтіндерді талдау үшін лингвистикалық білімдерді синтездеу, трансформациялау қабілетін қалыптастыру. Лингвистиканың дискурсивтік бағытының қалыптасу кезеңдерін, дискурсия типологиясын зерттеудің түрлі себептерін зерттеуге бағыт алады.	Пререквизиттері: Жалпы тіл білімі Постреквизиттері: Докторантурада оқытылатын пәндер	А)Магистрант лингвистиканың концептуалдық және әдіснамалық аппаратын меңгеріп, дискурсивтік бағыттың қалыптасу кезеңдері мен дискурсия типологиясын түсінеді. В)Ол қоғамдағы қызметтік мәтіндерді талдау үшін лингвистикалық білімдерді синтездеу және трансформациялау әдістерін тиімді пайдалана алады. С)Магистрант мәтіндерді талдау барысында концептуалдық және әдіснамалық құралдарды дұрыс таңдап, оларды кәсіби түрде қолдана алады. Д)Ол дискурсивтік зерттеулер нәтижелерін кәсіби ортада нақты әрі мазмұнды түрде жеткізе алады. Е)Магистрант дискурсивтік лингвистика саласындағы жаңа әдістерді үйреніп, оларды өз бетінше зерттеу және қолдану қабілетін дамытады.
2	Қазіргі драматургияның поэтикасы	Қазіргі қазақ драматургиясының көркемдік ерекшелігін, идеялық-тақырыптық ауанын анықтап, поэтикасын, стиль мәселесін көрсетіп, жаңашылдығын, дәстүр сабақтастығын саралау, жанрлық-поэтикалық үрдістерді ғылыми тұрғыдан зерделеу арқылы драмалық шығармалардағы авторлық таным, стильдік даралық және ортақ тақырыптық сипаттарды айқындау болып табылады.	Драмалық шығармалар поэтикасын театр теориясымен байланыстыра зерттеу қажеттігі; драмалық мәтіндердің энергиялылығы, ырғақтылығы, памфезділігін саралау; Негізгі тақырыптары: сахнадағы сөз өнері, сахна тілі образ тудырудың құралы, идея және көркем шындық, жанр формасы т.б.драмалық шығармалардағы кейіпкер бейнесінің жасалу ерекшелігін талдайды; сюжет қалыптастыру, сөйлем түзу, композициялық	Пререквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиет теориясы. Постреквизиттері: Докторантурада оқытылатын пәндер	А)ұлттықсөзөнеріэстетикасыны нерекшеліктері; В) көркем шығарманың құрылысы; шығармашылық процесс психологиясы; С)көркемшығарманыталдаудың кибернетикалықнегіздері; Д) жалпы әдеби процесі тұтастай алып түсіну; Е)қорытындыжасаудыңталапта рын қарастырады.

			қағидалардың өзіндік ерекшеліктерін салыстырады; сахнадағы шығармашылық әдіс пен драматург стилін бағалау.		
3	Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі қазақ әдебиеті	Коммуникация негіздерін және жаһандану мен интеграциялық үдерістердің қазақ әдебиетінің дамуына әсерін түсіну қабілетін қалыптастыра отырып, мәдениетаралық және әдеби өзара іс-әрекеттің теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгерту және қазақ әдебиетінің ұлттық болмысын, қазіргі тарихи-мәдени үдерістердегі орнын зерттеуге бағыттау.	Мәдениетаралық коммуникация негіздерін, жаһандану мен интеграциялық үдерістердің қазақ әдебиетінің дамуына ықпалын түсіну қабілетін қалыптастырады. Мәдениетаралық және әдеби өзара іс-әрекет ерекшеліктерін түсінудің теориялық-әдіснамалық негізін меңгертеді. Пән қазақ әдебиетінің ұлттық болмысын, оның қазіргі тарихи-мәдени үдерістегі орны мен рөлін зерттеуге бағытталған.	Пререквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиет теориясы. Постреквизиттері: Докторантура оқытылатын пәндер	А)Магистрант жаһандану мен интеграциялық үдерістердің қазақ әдебиетінің дамуындағы рөлін және мәдениетаралық, әдеби өзара іс-әрекеттің теориялық-әдіснамалық негіздерін терең түсінеді. В)Ол коммуникация негіздерін және қазақ әдебиетінің ұлттық болмысын қазіргі тарихи-мәдени контекстте тиімді пайдалана алады. С)Магистрант қазақ әдебиетінің орны мен рөлін сын тұрғысынан талдап, мәдениетаралық өзара әрекет ерекшеліктерін бағалай алады. Д)Ол өз білімін кәсіби және академиялық ортада нақты әрі мазмұнды жеткізе алады. Е)Магистрант мәдениетаралық және әдеби өзара әрекет саласындағы жаңа теориялық-әдіснамалық білімдерді өз бетінше жетілдіруге және қолдануға қабілетті.
4	Ұлттық корпустар құрастыру әдістемесі мен тәжірибесі	Зерттелетін тілдік құбылыстарға ғылыми-бағдарлы көзқарас қалыптастыра отырып, корпус лингвистикасының қазіргі даму бағыттары мен жасанды интеллект мәселелерімен таныстыру, тілдік корпустардың типологиясы мен оқытудағы перспективаларын меңгеру және қазақ тілінің ұлттық корпусы мазмұнын құрудың әдістемелік моделін әзірлеу қабілетін қалыптастыру.	Зерттелетін тілдік құбылыстарды талдауға ғылыми-бағдарлы көзқарасты қалыптастыру, корпус лингвистикасының келешегі зор ғылыми бағыттарымен таныстыру. Қазіргі корпустық лингвистиканың даму бағыттары, жасанды интеллект мәселелерін зерттейді. Қазіргі тілдік корпустардың типологиясын, замануи корпустық лингвистиканы оқыту үрдісіндегі перспективасын, мәтіндік корпустар мазмұндық құрылымына қойылатын талаптарды меңгереді. Қазақ тілінің ұлттық корпусы	Пререквизиттері: Жалпы тіл білімі, АКТ Постреквизиттері: Докторантурада оқытылатын пәндер	А)Магистрант корпустық лингвистиканың теориялық негіздерін, тілдік корпустар типологиясын және жасанды интеллекттің лингвистикадағы рөлін терең түсінеді. В)Ол тілдік құбылыстарды ғылыми-бағдарлы талдау үшін корпустық әдістер мен технологияларды тиімді пайдалана алады. С)Магистрант қазақ тілінің ұлттық корпусы мазмұнын құру принциптерін әдістемелік тұрғыда бағалап, тиісті модельді әзірлей алады. Д)Ол корпустық лингвистика саласындағы зерттеу нәтижелерін

			мазмұнының қалыптастыру принциптерінің әдістемелік моделін жасауды қалыптастырады.		кәсіби ортада нақты және жүйелі түрде жеткізе алады. Е)Магистрант жасанды интеллект және корпуслық лингвистика саласындағы жаңа білімдерді үздіксіз игеріп, өз кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.
5	Педагогикалық практика	М магистранттардың жоғары оқу орнында, колледжде немесе орта білім беру мекемелерінде болашақ кәсіби-педагогикалық қызметін атқаруға қажетті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру. Практиканың негізгі міндеті – магистранттың ғылыми және педагогикалық даярлығын тереңдету, оқыту үдерісін ұйымдастыру, әдістемелік материалдар әзірлеу, студенттер мен оқушылармен жұмыс жүргізу қабілетін дамыту.	Педагогикалық практика магистранттардың кәсіби шеберлігін, педагогикалық мәдениетін және оқу процесін басқару іскерлігін жетілдіруге бағытталған. Практика барысында магистранттар сабақ жоспарын құрастырып, оқу материалын іріктейді, дәріс, семинар және практикалық сабақтар өткізеді, заманауи педагогикалық технологияларды қолдану дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, педагогикалық бақылау және кері байланыс орнату тәжірибесі қалыптасады. Практика нәтижесінде магистрант талдамалық есеп, күнделік, сабақ конспектілері мен әдістемелік нұсқаулар түрінде қорытынды материал ұсынады.	Пререквизиттер: Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытудың әдіснамалық негіздері Постреквизиттер: Докторантурада оқытылатын пәндер	А) Магистрант педагогикалық қызметтің мазмұны мен құрылымын, жоғары мектептегі оқыту әдістемесін және заманауи технологияларды меңгереді. В) Алған білімін оқу процесін ұйымдастыруда, сабақ беруде және білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуде қолдана алады. С) Оқу және тәрбиелік үдерістерді талдап, тиімді педагогикалық шешімдер қабылдай алады. Д) Студенттермен, әріптестермен және басшылықпен кәсіби қарым-қатынас орната алады, білімді түсінікті жеткізе алады. Е) Өз педагогикалық тәжірибесін үнемі жетілдіріп, инновациялық әдістерді қолдануға дайын болады.
6	Зерттеу практикасы	Мақсаты – магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына жүйелі түрде дайындалуын қамтамасыз ету, ғылыми ізденіс дағдыларын, зерттеу жүргізу мәдениетін, дерекпен жұмыс істеу және нәтижелерді талдау қабілетін дамыту. Практика барысында магистрант ғылыми тақырып аясында деректер жинау, талдау, ғылыми аппаратты қолдану және зерттеу нәтижелерін рәсімдеу	Практика магистранттың болашақ диссертациялық зерттеуін орындауға әдістемелік және тәжірибелік тұрғыдан дайындайды. Зерттеу практикасы барысында магистранттар ғылыми әдебиеттермен, архивтік және эмпирикалық материалдармен жұмыс істейді, алынған нәтижелерді жүйелейді және ғылыми талдау жасайды. Практика нәтижесінде магистрант өз зерттеу	Пререквизиттер: Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі, Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі қазақ әдебиеті Постреквизиттер: Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	А) Магистрант ғылыми зерттеу құрылымы мен әдістерін, деректерді жинау мен өңдеу тәсілдерін меңгереді. В) Алынған теориялық білім мен практикалық дағдыларды өз зерттеуінде тиімді қолдана алады. С) Ғылыми ақпаратты талдап, салыстырып, дербес қорытынды жасай алады. Д) Зерттеу нәтижелерін жазбаша және ауызша түрде ғылыми аудиторияға ұсына алады.

		бойынша кәсіби біліктілігін арттырады.	тақырыбына байланысты талдамалық есеп, библиографиялық шолу, мақалалар немесе баяндама түрінде нәтижелерін ұсынады.		Е) Ғылыми ізденісін жалғастырып, зерттеу әдістемесін жетілдіруге дайын болады.
7	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру, ғылыми танымның әдіснамалық негіздерін меңгерту және жеке зерттеу тақырыбы бойынша өз бетінше ғылыми жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту. Пәннің міндеті – магистрантты ғылыми ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыда рәсімдеу әдістерімен қамтамасыз ету.	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы магистранттың диссертациялық зерттеу тақырыбымен тікелей байланысты орындалады. Зерттеу барысында магистрант ғылыми дереккөздермен жұмыс істеуді, ғылыми мәтіндерді талдау мен жүйелеуді, зерттеу әдістерін таңдауды және қолдануды үйренеді. Практикалық бөлімде ғылыми мақалалар, баяндама тезистері, конференция материалдары дайындалады. ҒЗЖ нәтижесінде магистрант ғылыми есеп, библиографиялық тізім, зерттеу нәтижелерінің талдауы мен қорытындысын ұсынады.	Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау Постреквизиттер: Магистрлік диссертация	А) Магистрант ғылыми зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері жөнінде терең білімге ие болады. В) Алған білімін өз зерттеуінде, ғылыми мақалалар мен диссертациялық еңбектерде қолдана алады. С) Ғылыми деректерді талдап, қорытынды жасап, өз көзқарасын дәлелдей алады. Д) Ғылыми идеялар мен зерттеу нәтижелерін кәсіби ортада сауатты түрде таныстыра алады. Е) Ғылыми-зерттеу мәдениетін жетілдіріп, өз бетінше ізденіс жүргізуге және жаңа ғылыми бағыттарды меңгеруге дайын болады.
8	Қорытынды аттестация	Қорытынды аттестацияның мақсаты – магистранттың теориялық және практикалық дайындық деңгейін, ғылыми-зерттеу жұмысын өз бетінше орындау қабілетін, зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде талдап, ғылыми негізде қорғау машығын көрсету. Пән магистратура кезеңінде алынған білім мен дағдыларды интеграциялап, ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.	Қорытынды аттестация магистратура бағдарламасының соңғы кезеңі болып табылады және магистранттың ғылыми және кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде бағалауға арналған. Қорғау барысында магистрант өз диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін ұсынады, зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңалығын дәлелдейді, ғылыми нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығын негіздейді. Диссертация мазмұнында ғылыми зерттеу әдістерінің қолданылуы, талдау нәтижелерінің дәйектілігі мен қорытындыларының нақтылығы қарастырылады. Қорғау	Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау Постреквизиттер: Докторантурада оқытылатын пәндер	А) Магистрант зерттеу тақырыбы бойынша терең теориялық және әдістемелік білімге ие болады. В) Алған білімін ғылыми талдау мен диссертациялық зерттеуде тиімді қолдана алады. С) Ғылыми дәлелдер мен зерттеу нәтижелерін сын тұрғысынан бағалап, өз көзқарасын нақты негіздеуі алады. Д) Ғылыми ортада өз зерттеуін сауатты таныстырып, пікірталас жүргізе алады. Е) Ғылыми-зерттеу тәжірибесін жалғастырып, докторантура деңгейінде кәсіби дамуға дайын болады.

			кезеңінде магистрант ғылыми баяндама жасап, сұрақтарға жауап береді, өзінің кәсіби және ғылыми біліктілігін көрсетеді.		
--	--	--	--	--	--